

**Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетудің үлгі шарты**  
(бөлу орталықтары үшін)

Астана қаласы

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Бұдан әрі «Бірыңғай дистрибьютор» деп аталатын «СҚ-Фармация» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ бір тараптан және бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» атынан, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп, ал жеке-жеке «Тарап» деп аталып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 515 қаулысымен бекітілген Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес, 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_–20\_\_ жылдарға арналған екі кезеңдік конкурстың қорытындысы туралы хаттаманың негізінде, төмендегі жайлар туралы осы \_\_\_\_\_ жылға дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

### 1. Шартта қолданылатын терминдер мен қысқартулар

1. Шартта төменде санамаланған ұғымдар мен қысқартулардың мынадай мәнге ие:
  - 1) қаржы жылы – Шартты орындау жүзеге асырылатын күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталатын және 31 желтоқсанында аяқталатын уақыт кезеңі;
  - 2) тауар – Орындаушы Шарт бойынша көрсететін қызметтің шеңберінде сақтауға және тасымалдауға жататын дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар;
  - 3) сақтау – Орындаушының тауардың сақталуын, тұтастығын, қауіпсіздігін, тиімділігін, сапасын, қоршаған ортаның зиянды факторларының әсерінен қорғалуын, қажетті температуралық режимді сақтауды, Қазақстан Республикасы заңнамасымен тауарды сақтау шарттарына қойылатын талаптарды сақтауды, тауарды Орындаушыға берген сәттен бастап және оны Орындаушының Алушыларға, басқа да Орындаушыларға, Бірыңғай дистрибьюторға немесе Шартта көзделген жағдайларда Өнім берушілерге берген сәтіндейін біріктірудің, екі жақтан біріктірудің, қайта сорттаудың және фальсификацияның алдын алуды қамтамасыз ететін жағдайда Орындаушының бөлу орталығында және көлік құралдарында сақтауы;
  - 4) тасымалдау – Орындаушының тауарды олардың сақталуын және тұтастығын, қоршаған орта факторларының әсерінен қорғалуын, қажетті температуралық режимді (сақтау шарттарын) сақтауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ фальсификацияның алдын алатын жағдайда көлік құралдарының көмегімен Шартқа сәйкес тасуы, орналастыруы және жеткізуі;
  - 5) жеткізу пункті – Орындаушының тауарды Бірыңғай дистрибьютор мен Алушының немесе басқа да Орындаушының арасында жасалған шартқа және Бірыңғай дистрибьютордың бөлу парағына сәйкес жеткізу орны;
  - 6) 515 қағидасы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 515 қаулысымен бекітілген Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары;
  - 7) 1729 қағидасы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидасы;
  - 8) Өнім беруші – 1729 қағидаларына сәйкес Бірыңғай дистрибьютормен тауарды жеткізу шартын жасасқан тұлға;
  - 9) Алушы – 1729 және 515 қағидаларына сәйкес Бірыңғай дистрибьютормен шарт жасасқан тұлға, оған сәйкес Бірыңғай дистрибьютор Орындаушының бөлу орталығынан Алушының мекен-жайына тауар жеткізуді жүзеге асырады;
  - 10) басқа Орындаушы – 515 қағидаларына сәйкес Бірыңғай дистрибьютормен басқа әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында Қызмет көрсетуге шарт жасасқан тұлға;
  - 11) әкімшілік-аумақтық бірлік – облыс, астана немесе республикалық маңызы бар қала;
  - 12) БФАЖ – құқық иесі Бірыңғай дистрибьютор болып табылатын «СҚ-Фармация сервер» бірыңғай фармацевтикалық ақпараттық жүйесі» ақпараттық жүйесі;
  - 13) бастапқы құжаттар – салық заңнамасына сәйкес шот-фактуралар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 12 мамырдағы №301 бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15156 нөмірімен тіркелген) бекітілген Электрондық нысанда жазылатын шот-фактуралардың құжат айналымы қағидаларына сәйкес рәсімделген электрондық шот-фактуралар, тауар-көлік жөнелтпе құжаттары, қорларды басқа жаққа босатуға жүкқұжаттар, тауарды алып өтуге жүкқұжаттар, тауарды қабылдау-тапсыру актілері, қаптау парағы, Алушылардың немесе басқа да Орындаушылардың өкілдеріне берілген сенімхаттар, тауардың қауіпсіздігі мен сапасы туралы қорытындылар;
  - 14) палета – жүкті жинақтау, қоймалау, қайта жүктеу және тасымалдау үшін негіз ретінде пайдаланылатын, қатты аумағы және ірілендірілген жүк бірлігін құру үшін жеткілікті орны бар көлік ыдысы;
  - 15) республикалық IP VPN арна – Бірыңғай дистрибьютор мен Орындаушының қашықтағы компьютерлерінің

арасындағы қорғалған байланыс арнасы;

16) FEFO қағидасы – ең төменгі қалдық мерзімі бар тауарды бірінші кезектегі тәртіппен босату;

17) бөлу орталығы – тауарды қабылдау, оны есепке алу, сақтау жүзеге асырылатын және одан тауарды Алушыларға және басқа Орындаушылардың бөлу орталықтарына/ операциялық қоймаларына тасымалдау және беру жүзеге асырылатын, \_\_\_\_\_ мекен-жайы бойынша орналасқан Орындаушының дәріханалық қоймасы.

## 2. Шарттың мәні

2. Орындаушы Орындаушының бөлу орталығын/операциялық қоймасын пайдалана отырып, Бірыңғай дистрибьюторға, Шартқа 2-қосымшада көрсетілген Бірыңғай дистрибьютордың Алушыларына, басқа Орындаушыларға Шартқа 1-қосымшада аталған тауарды сақтау және тасымалдау (қабылдау, есепке алу, сақтау, тасымалдау, алып өту (алып өту бөлу орталықтары жүргізіледі)) жөніндегі қызметті көрсетуге міндеттенеді, ал Бірыңғай дистрибьютор Сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметті (бұдан әрі – Қызмет) қабылдауға және Шартта көзделген тәртіппен Орындаушыға оған ақы төлеуге міндеттенеді.

3. Мына қосымшалар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады:

1) Шартқа 1-қосымша;

2) Шартқа 2-қосымша.

4. Орындаушының бөлу орталығы Шарттың жарамдылық мерзімі ішінде қорытындысы Шарт жасасуға негіз болған, 515 қағидаға сәйкес Қызметтерді сатып алу конкурсын өткізу кезіндегі техникалық ерекшеліктермен көзделген талаптарға сай болуы тиіс.

## 3. Шарттың бағасы және ақы төлеу тәртібі

5. Шарттың бағасы қосылған құн салығын есепке алғанда \_\_\_\_\_ (жазбаша) теңге \_\_\_\_\_ (жазбаша) тиынды құрайды.

Олардың ішінде бөлу орталығының қызметтері \_\_\_\_\_ (жазбаша) тиынды құрайды, операциялық қойма қызметтері \_\_\_\_\_ (жазбаша) тиынды құрайды.

Операциялық қоймаға ауыстырылған бірлік үшін және тауарларды алушыларға жөнелтілетін бөлу орталығының қызметтерінің нақты бағасы \_\_\_\_\_ (жазбаша) тиынды құрайды; алушыларға жөнелтілетін тауарлардың бірлік үшін операциялық қойма қызметтерінің нақты бағасы \_\_\_\_\_ (жазбаша) тиынды құрайды.

Шарттың бағасы қаржы жылының аяғына немесе Шарттың қолданысы тоқтатылғанда нақты көрсетілген Қызмет көлемін ескере отырып түзетілуге жатады.

6. Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Тараптар көрсетілген Қызметтің актісіне қол қойған және Орындаушы шот-фактуралар мен бастапқы құжаттарды толық көлемде ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей төлем жүргізеді.

7. Қызметке ақы төлеу теңгемен, Бірыңғай дистрибьютордың Орындаушының Шартта көзделген банктік шотына ақша аударуы арқылы жүргізіледі.

## 4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

8. Орындаушы:

1) Бірыңғай дистрибьютордың рұқсат қағаздарына және Бірыңғай дистрибьютор мен Өнім берушілер арасында жасалған шарттардың талаптарына сәйкес, Бірыңғай дистрибьютордың атынан берілген сенімхат бойынша Өнім берушіден/ бөлу орталығынан бөлу орталығына/операциялық қоймаға (операциялық қойма үшін – ауыстыру жүкқұжатына сәйкес); тауарды қабылдауды жүзеге асыруға;

2) Шартқа сәйкес Өнім берушіге (тек бөлу орталықтары үшін), Алушыларға, Бірыңғай дистрибьюторға немесе басқа Орындаушыға беретін сәтке дейін тауарды сақтауға;

3) тауарды сериялық, оның ішінде БФАЖ-ға есепке алуды: тауардың тұрақты кірісі мен шығысын есепке алуды, Орындаушының бөлу орталығында/операциялық қоймасында тауарды тоқсан сайын түгендеуді жүзеге асыруға;

4) тауарды бөлу орталығынан/операциялық қоймасынан тасымалдауды: тиеп-жөнелту үшін құрастыруды және жинақтауды, тиеу-түсіру жұмыстарын, жеткізу пункттеріне жеткізуді және Алушыларға немесе басқа Орындаушыға қабылдау-тапсыру актісі бойынша беруді жүзеге асыруға;

5) Бірыңғай дистрибьютордың жеткізу жүкқағаздарына сәйкес, Орындаушы мен басқа да әкімшілік-аумақтық бірліктерде орналасқан басқа Орындаушы арасында тауарды алып жүруді және оны басқа Орындаушыға қабылдау-тапсыру актісі бойынша беруді жүзеге асыруға;

6) үнемі бастапқы құжаттардың қағаз және электрондық тізілімін жүргізуге;

7) ай сайын, әр тоқсанның 1 (бірінші) және 2 (екінші) айы үшін есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күнінен кешіктірмей, ал тоқсанның 3 (үшінші) айы үшін – есепті айдан кейінгі айдың 10 (онмыншы) күнінен кешіктірмей Бірыңғай дистрибьюторға қабылдау-тапсыру актісі бойынша бастапқы құжаттарды беруге;

8) Қызмет көрсету мерзімі аяқталғанда қалған тауарды Бірыңғай дистрибьютордың атынан Қызмет көрсетудің келесі кезеңіндегі басқа Орындаушыға қабылдау-тапсыру актісіне қол қою жолымен, ал Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда – Бірыңғай дистрибьютордың жеткізу жүкқағазына сәйкес басқа Орындаушыларға қайтаруға;

9) Бірыңғай дистрибьютордан алған, сондай-ақ Қызмет көрсету үдерісінде жасақталған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделгеннен басқа жағдайларда Бірыңғай дистрибьютордың келісімінсіз олардың мазмұнын жарияламауға;

10) Қызмет көрсетуге кедергі жасайтын жайлар, сондай-ақ Орындаушымен оларды жою үшін қабылданатын шаралар туралы Бірыңғай дистрибьюторға 24 (жиырма төрт) сағат ішінде жазбаша хабарлауға;

11) Бірыңғай дистрибьюторға Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген нысан бойынша Шартта көзделген мерзімде ай сайын орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерін ұсынуға;

12) Қызметтің сапасыз немесе уақытынан кешігіп Қызмет көрсету салдарынан туындаған кемшіліктерін өз есебінен жоюға;

13) Қызмет көрсету кезінде Бірыңғай дистрибьюторға келтірілген залалды өтеуге;

14) Шарт (контракт, келісім) бойынша Өнім берушінің тауарды кеден қоймасы және/немесе) астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың халықаралық әуежайына жеткізуі қарастырылған тауарды оны жеткізу орнында өз есебінен қабылдауға, тауарды бөлу орталығына тасымалдауға, және тауарды мұндай тасымалдау кезінде оның кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін ескере отырып сақтауға;

15) уәкілетті ұйыммен берілген тауардың сапасы және қауіпсіздігі туралы қорытындылардың қолданылу мерзімін бақылауды жүзеге асыруға және күнтізбелік 45 (қырық бес) күн бұрын олардың қолданылу мерзімі аяқталғаны туралы ақпаратты Өнім берушілер мен Бірыңғай дистрибьюторға олардың Өнім берушілермен жеткізу шарттарында және тиісінше Шартта көрсетілген электронды мекен-жайларына жіберуге (бөлу орталығы үшін);

16) Бірыңғай дистрибьюторға бөлу орталығына/операциялық қоймаға кедергісіз кіруді, сондай-ақ Шарттың орындалуына мониторинг жасауды жүзеге асыру үшін Қызмет көрсетумен байланысты құжаттарды ұсынуға;

17) ерекше жағдайларда Алушыларды тауармен уақытылы және үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында, Бірыңғай дистрибьютордың жазбаша талабы бойынша Шартта көзделмеген тауарды сақтауға және тасымалдауға қабылдауға;

18) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Шарт бойынша Орындаушыға берілген мөрлерді Бірыңғай дистрибьюторға қайтаруға;

19) БФАЖ-да тауарды электрондық есепке алуды жүргізуге, ол үшін Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Бірыңғай дистрибьютордың Интернет арқылы БФАЖ серверіне қосылуға, Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде БФАЖ-бен жұмыс жөнінде нұсқама өткізу үшін Бірыңғай дистрибьютордың қызметкерлерін тарта отырып Орындаушының қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыруға, БФАЖ пайдаланушысының әрбір авторизациясы кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығымен берілген заңды тұлғаның қолданыстағы тіркеу куәлігін электрондық есепке алуды жүргізуге. Қажет болғанда БФАЖ-да көзделмеген бизнес-үдерістерді автоматтандыру бағдарламалық құрылғының көмегімен өз ақпараттық жүйесінде тауарды қосарлы электрондық есепке алуды жүргізуге;

20) Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде, не тиісінше Тараптардың Шарт жасауы болған, №515 Қағидаларға сәйкес Қызметтерді сатып алу конкурсының техникалық ерекшеліктерінің талаптарын сақтауға міндеттенеді.

9. Орындаушы :

1) Шарт шеңберінде Қызмет көрсету тәсілдерін өз бетінше анықтауға;

2) Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті ақпаратты алуға;

3) Бірыңғай дистрибьютордан Шарт талаптарына сәйкес оларға көрсетілген Қызметке ақы төлеуді талап етуге құқылы.

10. Бірыңғай дистрибьютор:

1) Орындаушыға Қызмет көрсетуге қажетті барлық ақпаратты беруге;

2) Шартты орындау үшін Орындаушыға қажетті көмек көрсетуге;

3) Шарт талаптарына сәйкес Қызметке уақытылы ақы төлеуді жүргізуге;

4) Орындаушыға БФАЖ-да Бірыңғай дистрибьютордың қызмет көрсету аймағындағы Өнім берушілермен және Алушылармен жасалған шарттарды және оларға жасалған қосымша шарттарды беруге;

5) Орындаушыға қабылдау-тапсыру актісі бойынша «\_\_»\_\_20\_\_ жылғы №\_\_ Шарт бойынша шот-фактуралар, актілер және жүкқұжаттар үшін «\_\_\_\_\_ үшін» деген жазуы бар 2 (екі) мөр бірлігін беруге;

6) Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Орындаушыға Шарттың қолданылу мерзіміне Орындаушының қызметкерлеріне ауысу құқығымен тиісінше рәсімделген сенімхат беру;

7) Орындаушыға кемінде Шарттың орындалуына мониторинг жасау басталардан 8 (сегіз) жұмыс сағаты бұрын Бірыңғай дистрибьютордың мониторингі жүзеге асыруға уәкілетті қызметкерлерінің тізімін бере отырып, бөлу орталығында мониторинг жүргізу туралы жазбаша хабарлама беруге міндеттенеді.

11. Бірыңғай дистрибьютор:

1) Орындаушының Шарт талаптарын орындауына, оның ішінде тауардың болуына, Орындаушымен бөлу орталықтарында және көлік құралдарында оны сақтау жағдайына мониторингі жүзеге асыруға;

2) Орындаушыдан Шарттың орындалуы туралы барлық ақпаратты алуға;

3) Орындаушыға Шарт шеңберінде берілген барлық құжаттарды, мөрлерді, сенімхаттарды, хаттарды, Бірыңғай дистрибьютордың меншігі болып табылатын өзге де құжаттар мен заттардың қайтарылуын талап етуге;

4) кез-келген уақытта Орындаушыдан Қызмет көрсетудің барысы туралы жазбаша есеп сұратуға;

5) Қызмет көрсетуде Орындаушы жіберген кемшіліктерді анықтауға және оларды белгіленген мерзімде жоюды талап етуге құқылы.

## 5. Тауарды қабылдау

12. Орындаушы Бірыңғай дистрибьютор мен Өнім берушілер және (немесе) басқа Орындаушылар арасында жасалған Шартқа, жеткізу шарттарына сәйкес, Бірыңғай дистрибьютордың/Орындаушылардың сенімхаты бойынша Өнім берушілерден тауарды қабылдап алуды жүзеге асырады.

13. Тауардың әрбір партиясын қабылдаған кезде Орындаушы Өнім берушілерден/басқа Орындаушылардан бастапқы құжаттарды талап етуге міндетті.

14. Орындаушы Өнім берушілерден тауарды қабылдауға және Орындаушының қоймасында түсірілген сәттен бастап (жүктің ТТН-ға келуін белгілеу күні туралы) 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюға және тауарға бастапқы құжаттар ұсынуға міндеттенеді. Сапасы, саны тиісінше емес не тауарға ілеспе құжаттарға сәйкес келмейтін тауар жеткізілген жағдайда, сондай-ақ Өнім беруші толық емес немесе тиісінше рәсімделмеген бастапқы құжаттар ұсынған жағдайда, Орындаушы өзі үшін қандай да бір салдарсыз тауардан бас тартуға құқылы. Тауарды қабылдаудан бас тарту себебі туралы Орындаушы Өнім беруші мен Бірыңғай дистрибьюторды дереу жазбаша хабардар етеді.

15. Тауарды қабылдау кезінде Орындаушы стандарттарда, техникалық шарттарда, технологиялық нұсқаулықтарда,

тауарлардың жекелеген түрлерінің нұсқаулықтарында, сақтау қағидаларында, өзге де міндетті арнайы нормативтік құжаттарда белгіленген, сондай-ақ тиісті іскерлік айналым дәстүрлеріне және сақтау бойынша міндеттемелерге, оның ішінде сақтау берілген тауардың қасиеттеріне сәйкес келетін барлық шараларды қабылдауға міндетті.

16. Орындаушы тауарды қабылдаған кезде тауарды қарап-тексеруді жүргізеді, тауар санын түгендеуді жүргізеді, қабылданатын тауардың бастапқы және өзге де ілеспе құжаттарға, оның ішінде Өнім берушінің тасымалдау кезінде температуралық режим бойынша талаптарды сақтау мәніне сәйкестігін салыстырады. Тауарды жеткізу шарттарының бұзылуы анықталған кезде, Орындаушы тез арада бұл туралы Бірыңғай дистрибьюторды және(немесе) басқа Орындаушыны талаптардың бұзылуын егжей-тегжейлі сипаттай отырып хабардар етуге міндетті.

17. Жасырын ақаулар (сыну, ақау, жетіспеушілік) және тауар орамасының өзге де кемшіліктері табылған жағдайда, Бірыңғай дистрибьютор Өнім берушіге талап қоюы үшін, Орындаушы жасырын ақаулардың (сыну, ақау, жетіспеушілік) және тауар орамасының өзге де кемшіліктерінің анықталғанын растайтын барлық құжаттарды қоса бере отырып, 24 (жиырма төрт) сағаттың ішінде Бірыңғай дистрибьюторды жазбаша хабардар етуге міндетті.

18. Орындаушы тауарды 1729 қағидаларының талаптарына сәйкес оның қалдық жарамдылық мерзімі бойынша қабылдауға міндетті.

19. Тауарды қабылдау Бірыңғай дистрибьютормен Шартта көрсетілген электрондық пошта арқылы өнім берушімен жөнелту кезеңінің басталуына дейін 3 жұмыс күні бұрын Орындаушыға берілген Бірыңғай дистрибьютордың рұқсат қағазында немесе алып жүруге жүкқұжатта көрсетілген санына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

20. Орындаушы Өнім берушімен бөлу орталығында немесе басқа Орындаушымен бөлу орталығында (алып жүру кезінде) қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күн тауарды қабылдау күні болып есептеледі.

21. Орындаушы тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей БФАЖ-ға кіріс құжаттары бойынша деректерді енгізуге міндетті. БФАЖ-ға енгізілген кіріс құжатының күні қабылдау-тапсыру актісінің күніне сәйкес келуі тиіс.

Орындаушы қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен кейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей Өнім берушіден қағаз тасымалдағыштағы шот-фактураны немесе электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы шығарылған, баспа нысанындағы электрондық шот-фактураны сұратуға міндетті. Өнім берушімен ұсынылған шот-фактуралар салық заңнамасының талаптарына сәйкес болуы тиіс. Орындаушы Өнім берушіден тиісінше ресімделген шот-фактураларды алу үшін қажетті іс-шараларды жүргізеді. Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы шығарылған, баспа нысанындағы электрондық шот-фактурада айналым жасалған күн қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күнге сәйкес болуы тиіс. Орындаушы Өнім берушімен қағаз тасымалдағыштағы шот-фактура немесе баспа нысанындағы электрондық шот-фактура ұсынылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде шот-фактураларды кіріс құжаттарымен салыстырып тексеруге және БФАЖ-ға қажетті деректерді енгізуге міндетті.

22. Қол қойылған құжаттар Өнім берушіге/басқа Орындаушыға тауарды беру орнында тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей берілуі тиіс. Орындаушы тауарды қабылдау туралы құжаттарды тексергеннен және қол қойғаннан кейін, осы құжаттың Өнім берушіге/басқа Орындаушыға арналған даналарын соңғысы Орындаушыдан қолма-қол және өз есебінен алады.

## **6. Тауарды сақтау**

23. Орындаушы тауарларды «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 78-бабының 1-тармағына және тауарларды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес айқындалған тауарларды сақтау және тасымалдау қағидаларына сай сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

24. Орындаушы тауарды сериялық есепке алуды ұйымдастырады және тауардың қалдық қорларына күнделікті бақылау жасайды.

25. Орындаушы әрбір күнтізбелік тоқсанның соңында тауарды түгендеуге міндетті.

26. Тауардың жоғалғаны немесе зақымдалғаны анықталған жағдайда, Орындаушы жоғалған немесе зақымдалған тауардың саны мен бағасын көрсете отырып, 24 (жиырма төрт) сағаттан кешіктірмей бұл туралы Бірыңғай дистрибьюторды жазбаша хабардар етуге міндетті.

27. Тауардың жоғалғаны немесе зақымдалғаны анықталған күннен бастап, Орындаушы мұндай тауарды сондай сауда атауы, жарамдылық мерзімі жоғалған немесе зақымдалған тауардың жарамдылық мерзімінен кем түспейтін ұқсас тауарға тауардың жоғалғаны немесе зақымдалғаны анықталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде алмастыруды жүзеге асыруға міндетті. Тауарды ұқсас тауарға алмастыру мүмкін болмаған жағдайда Бірыңғай дистрибьютордың келісімімен Орындаушы Бірыңғай дистрибьютерге жоғалған немесе зақымдалған тауардың бағасын төлеуге құқылы, Өнім берушілерге тауарларды жеткізу мерзімдерін бұзумен көзделген тұрақсыздық төлемі сомасын қоса алғанда, сондай-ақ астананың халықаралық әуежайы немесе республикалық маңызы бар қалалар арқылы Бірыңғай дистрибьютордың шетелдік өндірушілермен жеткізу шарттары бойынша Өнім берушілермен әкелген тауарды жоғатқан немесе бүлдірген жағдайда Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға Қазақстан Республикасына мұндай тауарларды әкелумен байланысты шығындарды, оның ішінде кеден өкілдерінің қызметтері, тиеу-түсіру жұмыстарының құны, Қазақстанға тауарлар әкелінген жеткізу шарттарында тауарлардың бағасымен қарастырылмаған кедендік баждар мен салықтарды төлеу бойынша шығыстарды өтеуге міндетті.

## **7. Тауарды Алушыларға тасымалдау**

28. Тауарды тасымалдау Орындаушымен Шартқа және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 78-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған тауарларды сақтау және тасымалдау қағидаларына сәйкес тасымалданады.

29. Орындаушы Бірыңғай дистрибьютор атынан Алушыларға және (немесе) қызмет көрсету өңірлерінің операциялық қоймаларына тауарды тасымалдауды Бірыңғай дистрибьютордың бөлу қағазына және Бірыңғай дистрибьютор мен Өнім берушілер арасында жасасқан Шарт талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

30. Орындаушы тауарды Алушыларға 1729 қағидалардың талаптарына сәйкес қалдық жарамдылық мерзімі

бойынша тиеуге міндетті.

31. Орындаушы тауарды Алушыларға FEFO қағидалары бойынша босатуды жүргізуге міндетті.

32. Тауарды Алушыға немесе қызмет көрсету өңіріндегі басқа Орындаушыларға/операциялық қоймаға жіберу кезінде Орындаушы олардың уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тауарды қабылдауды жүзеге асыратын өкілдеріне сенімхат алуы тиіс.

33. Орындаушы қосымша келісімдерді немесе Бірыңғай дистрибьютордың алып жүруге жүкқұжаттарын ескере отырып, Бірыңғай дистрибьютор мен Алушының арасындағы шартты алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Алушыларға және (немесе) қызмет көрсету өңіріндегі операциялық қоймаға тауарды тиеуді бастауға міндетті.

34. Орындаушы Өнім берушіден немесе басқа да Орындаушыдан Бірыңғай дистрибьютордың рұқсат қағазында немесе Бірыңғай дистрибьютор мен Алушының арасындағы шартқа кестеде көрсетілген мерзімдер мен санға сәйкес тауарды алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде тауарды жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

35. Тауарды жеткізу күні деп жеткізу пунктінде Орындаушы мен Алушының арасында немесе бөлу орталығында Орындаушы мен басқа Орындаушының арасында қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күн есептеледі.

36. Орындаушының БФАЖ-ға тауардың бастапқы құжаттары бойынша тауардың шығыстары туралы деректерді енгізуі Алушы немесе басқа да Орындаушы қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылуы тиіс. БФАЖ-дағы шығыс операциясының күні Алушымен немесе басқа да Орындаушымен қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күнге сәйкес келуі тиіс.

## **8. Тауарды Орындаушы мен басқа Орындаушылардың арасында жеткізу**

37. Орындаушының бөлу орталығы және басқа Орындаушылардың бөлу орталықтары арасындағы қозғалысы тауар берілуі тиіс Орындаушымен, оның өз күшімен, көлігімен және оның есебінен жүзеге асырылады. Тауарды басқа Орындаушыға беру Орындаушының бөлу орталығында жүргізіледі. Қызмет көрсету өңірінің операциялық қоймасынан тауарды тасымалдау өз есебінен, өзінің көлігімен іске асырылады.

38. Тауарды алып жүру қажеттілігі туындаған кезде Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға электрондық пошта арқылы БФАЖ-да тауарды алып жүру жүкқұжатының жасалғаны туралы хабарлама жібереді. Егер Орындаушының бөлу орталықтары мен басқа Орындаушылардың операциялық қоймалары арасында тауарларды алып жүру қажеттілігі туындаса, Орындаушы Бірыңғай дистрибьютор мен қызмет көрсету аймағының Алушылары арасындағы шарттардың қажеттілігіне сәйкес алып жүруге арналған жүкқұжатты жасауды жүзеге асырады.

39. Бірыңғай дистрибьютордың алып жүру жүкқұжатының жасалғаны туралы хабарламасын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Орындаушы тауарды жинайды және біріктіреді және басқа Орындаушыға орындар және (немесе) паллет санын көрсете отырып, тауардың тасымалдауға дайын екендігі туралы хабарлама жолдайды. Тауарды жіберу басқа Орындаушы тауардың тасымалдауға дайын екендігі туралы хабарламаны алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Басқа Орындаушымен тауарды өз бөлу орталығына тасымалдау 4 (төрт) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

40. Басқа Орындаушы тауар санын бастапқы құжаттармен салыстырып тексеру үшін өз өкілінің тауарды қабылдауға қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

41. Тауарды қабылдау кезінде басқа Орындаушы тауарларды алуға сенімхат беруге міндетті. Алып жүру жүкқұжатының күні Орындаушының бөлу орталығында тауарды қабылдау-тапсыру актісінің күні болып табылады.

## **9. Шарттың орындалуына мониторинг жасау және есеп беру**

42. Қажет болған жағдайда, Бірыңғай дистрибьютор Өнім берушіні мұндай мониторинг жайлы алдын-ала кемінде 8 (сегіз) жұмыс сағаты бұрын жазбаша хабардар ете отырып және мониторинг жүргізу себебін, Бірыңғай дистрибьютердің мониторинг өткізуге уәкілетті қызметкерлерінің лауазымын, тегі мен есімдерін көрсете отырып, Бірыңғай дистрибьютор қызметкерлерін бөлу орталығына/операциялық қоймаға жолдау арқылы Орындаушының Шарттың талаптарын орындауына мониторинг жасауды жүзеге асырады. Мониторинг қорытындылары бойынша Тараптармен мониторингтің нәтижелерін сипаттайтын акт жасалады және қол қойылады, оның 1 (бір) данасы Орындаушыға табысталады.

43. Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға ай сайын: әрбір тоқсанның 1 (бірінші) және 2 (екінші) айы үшін есепті айдан кейінгі айдың 20-шы (жиырмамыншы) күнінен кешіктірмей, ал тоқсанның 3 (үшінші) айы үшін есепті айдан кейінгі айдың 10-шы (оныншы) күнінен кешіктірмей қабылдау-тапсыру актісі бойынша бастапқы құжаттарды береді.

44. Орындаушы есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде тоқсан сайын Бірыңғай дистрибьюторға жазбаша нысанда есеп береді. Орындаушының Бірыңғай дистрибьютерге түгендеу жөніндегі есебінде түгендеме тізімдемесі, салыстыру тізімдемесі, есептен шығару актісі (жетіспеушілік болған кезде), кіріске алу актісі (артығы болған кезде), Орындаушының ілеспе хаты қамтылады.

## **10. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету**

45. Тараптар жеке қаржы жылына арналған Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға Орындаушының міндеттемелерін қамтамасыз ету тәсілі ретінде Шарттың бағасынан 3% (үш пайызы) мөлшерінде Бірыңғай дистрибьютордың Шартта көрсетілген банктік шотына ақша аудару арқылы ақшалай кепілдік жарнаны енгізуге немесе оның жазбаша талап етуі бойынша Банктің Бірыңғай дистрибьюторға Шарт бағасынан 3% (үш пайызы) мөлшерінде кепілдік қамтамасыз етуді төлеу міндеттемесімен банктің кепілдемесін беруге міндетті.

46. Бірыңғай дистрибьютор Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде орындауды қамтамасыз ету кепілдігін қайтарады.

47. Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға келесі жағдайларда Шарттың орындалуын қамтамасыз ету кепілдігін қайтармайды:

1) Орындаушының шарттық міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарттың бұзылуы;

2) Шартпен көзделген орындамағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айыппұлдық санкциялардың төленбеуі.

## 11. Тараптардың жауапкершілігі

48. Шарттың техникалық ерекшеліктердің талаптарын бұзғаны үшін Орындаушы Бірыңғай дистрибьютордың пайдасына келесі санкцияларды төлейді:

1) Шартты орындаудан жазбаша бас тартқан жағдайда – Шарттың бағасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл;

2) Шартпен, Бірыңғай дистрибьютордың Өнім берушілермен немесе Алушылармен жасаған шарттарымен және (немесе) Бірыңғай дистрибьютордың рұқсат қағаздарымен көзделген тауарды қабылдау, алып жүру және жеткізу мерзімдері бұзылған жағдайда – әрбір кешіктірілген күн үшін сол тауар бағасының 0,2% (нөл бүтін оннан екі пайыз) мөлшерінде, бірақ сол тауар бағасының 5%-нан (бес пайыз) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы. Тұрақсыздық айыбы Шартпен көзделген шарттық міндеттемелердің тиісінше орындалмауының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап есептеледі және тиісінше орындалмаған күнге дейін қоса есептеледі;

3) Орындаушы Бірыңғай дистрибьютордың жазбаша талабы бойынша техникалық ерекшелік шарттарының анықталған бұзылушылықтарын жоймаған кезде – мерзімінен кешіктірілген әр күн үшін Қосымша келісім бағасының 0,01%-ы (нөл бүтін жүзден бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Қосымша келісім бағасының 1% (бір) пайызынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы;

4) Бірыңғай дистрибьюторға жоғалған немесе зақымдалған тауарды Шартпен көзделген мерзімде өтеп бермеген кезде – әрбір кешіктірілген күн үшін жоғалған немесе зақымдалған тауар бағасының 1%-нан (бір пайыз) тұрақсыздық айыбы.

49. Орындаушыға көрсетілген Қызметтің ақысын уақытылы немесе толық төлемегені үшін Бірыңғай дистрибьютор әрбір кешіктірілген күн үшін көрсетілген Қызметтің бағасынан 0,01% (нөл бүтін жүзден бір пайыз) мөлшерде, бірақ көрсетілген Қызмет бағасының 1%-нан (бір пайыз) аспайтын мөлшерде Орындаушының пайдасына тұрақсыздық айыбын төлейді. Орындаушымен бастапқы құжаттарды уақытында бермеуі немесе олардың толық емес және (немесе) сенімсіз деректермен ұсынылуы Бірыңғай дистрибьюторды Шарт бойынша мерзімі өткен төлем үшін жауапкершіліктен босатады.

50. Шарт бойынша санкцияларды төлеуді Тараптар Шарт бойынша екінші Тараптың тиісті шотын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

51. Орындаушы айыппұлды немесе тұрақсыздық айыбын төлемеген немесе уақытылы төлемеген жағдайда Бірыңғай дистрибьютор көрсетілген Қызмет бойынша Орындаушыға тиесілі Шарт бойынша төлем сомасынан есептелген айыппұл немесе тұрақсыздық айыбының сомасын акцептісіз тәртіпте ұстап қалуға құқылы.

52. Орындаушы жоғалған немесе зақымдалған тауарды алмастыру немесе оның бағасын өтеу арқылы Бірыңғай дистрибьютор алдында Шарт шеңберінде оған берілген тауардың сақталуы үшін толықтай мүлктік жауапкершілік алады.

53. Өнім берушілердің жеткізу шарттары бойынша астананың немесе республикалық маңызы бар қаланың халықаралық әуежайы арқылы әкелінген тауары жоғалған немесе бүлінген жағдайда, Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға, кеден өкілдерінің қызметімен, жүктеу-тиеу жұмыстарының құнымен, олар бойынша тауар Қазақстанға әкелінген жеткізу шарттарындағы тауар бағасымен көзделмеген кеден алымдары және салықтарымен қоса, мұндай тауардың Қазақстан Республикасына әкелінуімен байланысты шығыстарын өтеп беруге міндетті.

## 12. Дауларды шешу тәртібі

54. Тараптар Шартты орындау шеңберінде туындайтын дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешу үшін бар күшін салуы тиіс. Талқылау және мұндай келіссөздердің нәтижелері Тараптар 7 (жет) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қойылатын, әр Тарап үшін 1 (бір) данадан 2 (екі) данада жасалатын жазбаша хаттамамен ресімделеді.

55. Егер мұндай келіссөздер басталғаннан кейін күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн ішінде Тараптар Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, онда Тараптардың кез-келгені бұл мәселені Астана қаласының ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады. Осы шарт 515 Қағидаларына сәйкес Бірыңғай дистрибьютордың Орындаушыны жосықсыз өнім беруші деп тану туралы талап-арыз беруі жағдайында қолданылмайды.

## 13. Шартты бұзудың негіздемесі

56. Шартты бұзу үшін мыналар негіз болып табылады:

1) Орындаушының Шартта көзделген міндеттемелерді бұзуы;

2) Орындаушыны «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген рұқсаттардан (хабарламалардан) айыру (кері қайтарып алу);

3) Орындаушының Қызмет беруден бас тартуы;

4) Орындаушының немесе оның объектілерінің конкурстық құжаттамаға техникалық ерекшелікте ұсынылған талаптарға сәйкес келмеуі;

5) Бірыңғай дистрибьютордың Қызметке қажеттілігінің болмауы.

57. Шартты уақытынан бұрын бұзған жағдайда, оны бұзуға бастама көтеріп отырған Тарап екінші тарапқа Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жолдайды. екінші Тарап жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң Шарт бұзылған деп есептеледі. Бұл жағдайда Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Шарт бұзылған күнге нақты көрсетілген Қызметтің бағасын төлейді.

58. Шарт Орындаушының кінәсінен мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Бірыңғай дистрибьютор айыппұлдық

санкцияларды және Шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалмауынан Бірыңғай дистрибьюторға келтірілген залалды шегере отырып, Орындаушыға Шарттың бұзылған күнге нақты көрсетілген және Бірыңғай дистрибьютормен қабылданған Қызметтердің бағасын төлейді. Егер тұрақсыздық айыбы мен Бірыңғай дистрибьютордың Шарттың мерзімінен бұрын бұзылуымен байланысты залалдарының жалпы сомасы нақты көрсетілген қызметтер үшін Орындаушыға төлеуге жататын сомадан асып кетсе, онда айырмашылығы Орындаушының Шартты бұзған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Бірыңғай дистрибьюторға төлеуге жататын Орындаушының берешегін құрайды.

#### **14. Шарттың әрекет ету мерзімі**

59. Шарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және қоса алғанда 20\_\_ жылғы 31 желтоқсанға дейін, өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар оларды толық орындағанға дейін әрекет етеді.

#### **15. Еңсерілмейтін күш жағдайы**

60. Тараптар егер олардың Шарт талаптарын еңсерілмейтін күш жағдайы күшіне енгені, яғни төтенше және осы жағдайда алдын алуға болмайтын жайлар (табиғи апат, әскери қимылдар) себебінен орындау мүмкін болмаса, олар Шарттың талаптарын орындау мүмкіндігіне тікелей ықпал еткен кезде, Шартта көзделген жауапкершілікті артпайды. Мұндай жағдайларға, атап айтқанда, нарықта орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің болмауы жатпайды.

61. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайлары, сондай-ақ осы жағдайлармен туындаған салдарлардың әрекет ету уақытына сәйкес мерзімге жылжытылады.

62. Кез-келген Тарап еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде олардың басталған күнінен бастап күнгізбелік 5 (бес) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты бұл жайлардың басталғаны жайлы жазбаша түрде хабардар етуі тиіс. Аталған жайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен немесе ұйымдарымен расталуы тиіс.

63. Хабардар етпеу немесе уақытылы хабардар етпеу Тарапты оны Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген жағдайлардың кез келгеніне сілтеме жасау құқығынан айырады.

64. Егер Тараптардың міндеттемелерін толықтай немесе ішінара орындай алмауы 2 (екі) айдан артық уақытқа созылса, онда Тараптар Шартты бұзуға және орындалған бөлікте өзара есеп айырысу жүргізуге құқылы.

#### **16. Ақпараттың құпиялылығы**

65. Тараптар Шарттың қолданылу кезеңінде және оның әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт бойынша ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

66. Құпия ақпаратты ашу Шарттың талабын бұзу болып табылады және Шарттың бұзылуына және екінші тарапқа осымен байланысты келтірілген нақты залалды өтеуге әкелуі мүмкін.

#### **17. Хат-хабар**

67. Шарт бойынша барлық құжаттарда Шартты көрсететін Тараптардың деректемелері болуы тиіс. Осы Шартпен көзделген құжаттарда жол аралықтарына жолдар кірістіруге, өшіруге немесе қосып тіркеуге жол берілмейді.

68. Шарт бойынша тараптардан талап етілетін немесе талап етілуі мүмкін кез келген хабарламаларды немесе ескертулерді тараптар бір-біріне жазбаша түрде ұсынады және тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметтің көмегімен жолданады. Шұғыл жағдайда, көрсетілген хат-хабар электрондық поштаның немесе оның міндетті түрде тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметтің көмегімен жіберілуін, оның жеткізілуін тіркеуді көздейтін өзге де телекоммуникациялық байланыс құралдарының көмегімен берілуі мүмкін.

69. Шарт бойынша хат-хабар Тараптарға Шартта көрсетілген мекен-жайлар бойынша жолдануы тиіс.

70. Тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметпен жіберілген хат-хабар екінші Тарапта оның жеткізілгенін растайтын пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің мөрі бар хабарлама болған кезде, оны жолданған Тараптың алған күні (сағаты) жеткізілді деп есептеледі. Факс арқылы, электрондық поштаның немесе оның жеткізілуін тіркеуді қарастыратын өзге де телекоммуникациялық байланыс құралдарының көмегімен жолданған хат-хабар ол жолданған тарапқа берілген күні (сағаты) жеткізілген болып саналады.

#### **18. Қорытынды және ауыспалы ережелер**

71. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар егер олар жазбаша нысанда жасалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және екі жақтың мөрімен бекітілген кезде ғана жарамды.

72. Шартқа өзгерістер енгізуге Қағидаларда көзделген жағдайларда, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен бекітілетін үлгі Шарттың нысаны өзгерген жағдайда рұқсат етіледі.

73. Шартқа жүргізілетін (жүргізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Қағидаларда көзделмеген негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгертуі мүмкін өзгерістерді енгізуге рұқсат етілмейді.

74. Бір тараптың Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелерін үшінші тұлғаға беруіне екінші тараптың жазбаша келісімімен ғана рұқсат етіледі.

75. Шартпен байланысты және онымен реттелмеген құқықтық қатынастарда Тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

76. Заңды мекен-жайы, банктік және өзге де деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап бұл туралы екінші Тарапты мұндай өзгеріс болған сәттен бастап, 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл туралы Шартқа өзгерістер енгізу талап етілмейді.

77. Шарт бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада мемлекеттік және орыс тілдерінде, Тараптың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан жасалған.

### 19. Тараптардың мекен жайлары, деректемелері, қолдар мен мөрлері:

#### Бірыңғай дистрибьютор:

БСН  
Заңды мекенжайы:  
Банктік деректемелері  
Телефон, e-mail  
Лауазымы \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә. (бар болса)  
мөрі

#### Орындаушы:

БСН  
Заңды мекенжайы:  
Банктік деректемелері  
Телефон, e-mail  
Лауазымы \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә. (бар болса)  
мөрі

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетудің Үлгі шартына 1-қосымша

#### Орындаушымен сақтауға және тасымалдауға жататын тауарлардың атаулары мен көлемдерінің тізбесі

№р/с	Халықаралық патенттелмеген атауы немесе құрамы	Дәрілік түрі (дозасы, концентрация)	Өлш. бір.	Облыстың атауы		

\*Тауарлардың атаулары тізбесі мен көлемдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ:

Бірыңғай дистрибьютор:  
Заңды мекен жайы:  
\_\_\_\_\_ лауазымы,  
Т.А.Ә. (бар болса)  
Мөр (бар болса)

Орындаушы:  
Заңды мекен жайы:  
\_\_\_\_\_ лауазымы,  
Т.А.Ә. (бар болса)  
Мөр (бар болса)



Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетудің Үлгі шартына 1-қосымша

**Бірыңғай дистрибьютордың алушылардың және олардың мекен жайларының тізбесі**

№р/с	Өңір	Алушы	Мекен жайы

\* Бірыңғай дистрибьютор алушылардың тізбесіне және олардың мекен жайларына өзгерістер және толықтырулар енгізілуі мүмкін.

**ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ:**

Бірыңғай дистрибьютор:  
Заңды мекен жайы:  
\_\_\_\_\_ лауазымы,  
Т.А.Ә. (бар болса)  
Мөр (бар болса)

Орындаушы:  
Заңды мекен жайы:  
\_\_\_\_\_ лауазымы,  
Т.А.Ә. (бар болса)  
Мөр (бар болса)

**Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі  
қызметтерді көрсетудің үлгі шарты**  
(операциялық қоймалар үшін)

Астана қаласы

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Бұдан әрі «Бірыңғай дистрибьютор» деп аталатын «СҚ-Фармация» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ бір тараптан және бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » атынан, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп, ал жеке-жеке «Тарап» деп аталып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 515 қаулысымен бекітілген Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес, 20\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_-20\_\_ жылдарға арналған екі кезеңдік конкурстың қорытындысы туралы хаттаманың негізінде, төмендегі жайлар туралы осы \_\_\_\_ жылға дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

**2. Шартта қолданылатын терминдер мен қысқартулар**

1. Шартта төменде санамаланған ұғымдар мен қысқартулардың мынадай мәні бар:
  - 1) қаржы жылы – Шартты орындау жүзеге асырылатын күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып 31 желтоқсанында аяқталатын уақыттың кезеңі;
  - 2) тауар – Орындаушы Шарт бойынша көрсететін Қызметтің шеңберінде сақтауға және тасымалдауға жататын дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар;
  - 3) сақтау – Орындаушының тауардың сақталуын, тұтастығын, қауіпсіздігін, тиімділігін, сапасын, қоршаған ортаның зиянды факторларының әсерінен қорғалуын, қажетті температуралық режимді сақтауды, Қазақстан Республикасы заңнамасымен тауарды сақтау шарттарына қойылатын талаптарды сақтауды, тауарды Орындаушыға берген сәттен бастап және оны Орындаушының Алушыларға, басқа да Орындаушыларға, Бірыңғай дистрибьюторға немесе Шартта көзделген жағдайларда Өнім берушілерге берген сәтінә дейін біріктірудің, екі жақтан біріктірудің, қайта сорттаудың және фальсификацияның алдын алуды қамтамасыз ететін жағдайда Орындаушының бөлу орталығында және көлік құралдарында сақтауы;
  - 4) тасымалдау – Орындаушының тауарды олардың сақталуын және тұтастығын, қоршаған ортаның зиянды факторларынан қорғауды, қажетті температуралық режимді сақтауды (сақтау шарттары) қамтамасыз ететін, фальсификацияның алдын алатын шарттарда көлік құралдарының көмегімен Шартқа сәйкес тасуы, орналастыруы және жеткізуі;
  - 5) жеткізу пункті – Орындаушының тауарды Бірыңғай дистрибьютор мен Алушының немесе басқа да Орындаушының арасында жасалған шартқа және Бірыңғай дистрибьютордың бөлу парағына сәйкес жеткізу орны;
  - 6) 515 қағидасы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 515 қаулысымен бекітілген Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидасы;
  - 7) 1729 қағидасы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қаңдағы № 1729 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидасы;
  - 8) Өнім беруші – 1729 қағидасына сәйкес Бірыңғай дистрибьютормен жеткізу шартын жасасқан адам;
  - 9) Алушы – 1729 қағидасына және 515 қағидасына сәйкес Бірыңғай дистрибьютормен шарт жасасқан адам, оған сәйкес Бірыңғай дистрибьютор Алушының мекенжайына Орындаушының бөлу орталығынан және (немесе) басқа Орындаушылардың операциялық қоймасынан тауар жеткізуді жүзеге асырады;
  - 10) басқа Орындаушы – 515 қағидасына сәйкес Бірыңғай дистрибьютормен басқа әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында Қызмет көрсетуге шарт жасасқан адам;
  - 11) әкімшілік-аумақтық бірлік – облыс, астана, республикалық маңызы бар қала;
  - 12) БФАЖ – «СҚ-Фармация сервер» бірыңғай фармацевтикалық ақпараттық жүйесі» құқық иесі Бірыңғай дистрибьютор болып табылатын ақпараттық жүйе;
  - 13) бастапқы құжаттар – салық заңнамасына сәйкес шот-фактуралар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 12 мамырдағы № 301 (нормативтік құқықтық актісі Мемлекеттік тізілім тіркеуінде №15156) бұйрығымен бекітілген, шот-фактура құжаттар айналымы Қағидасына сәйкес рәсімделген, электронды түрде жазылатын электронды шот-фактуралар, тауарлық-көліктік жүк құжат, шетке қалдырылған қордан жіберу жүк құжаты, орнын ауыстыру жүк құжаты, тауарды қабылдау-беру актілері, орама қағаз, Алушылардың немесе басқа да Орындаушылардың өкілдеріне берілген сенімхаттар, тауардың қауіпсіздігі мен сапасы туралы қорытындылар;
  - 14) палета – жүкті жинақтау, қоймалау, қайта жүктеу және тасымалдау үшін негіз ретінде пайдаланылатын, қатты аумағы және ірілендірілген жүк бірлігін құру үшін жеткілікті орны бар көлік ыдысы;
  - 15) FEFO қағидасы – бірінші кезектегі тәртіппен ең төменгі қалдық мерзімі бар тауарды босату.
  - 16) операциялық қойма – тауарларды қабылдау, есепке алу, сақтау және Алушыларға тауарларды жеткізуді және тасымалдауды жүргізетін \_\_\_\_\_ мекен-жайы бойынша

орналасқан дәріханалық қойма.

## 2. Шарттың мәні

2. Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға Шарттың 1-қосымшасында аталған тауарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді (қабылдау, есепке алу, сақтау, жеткізу), Бірыңғай дистрибьютордың Шарттың 2-қосымшасында көрсетілген Алушыларына, басқа Орындаушыларға, операциялық қоймаларын пайдалана отырып көрсетуге міндеттенеді, ал Бірыңғай дистрибьютор сақтау және тасымалдау Қызметін (бұдан әрі – Қызмет) қабылдауға және оны Орындаушыға Шартта көзделген тәртіппен төлем төлеуге міндеттенеді.

3. Шарттың ажырамас бөлігі болып келесі қосымшалар саналады:

1) Шартқа 1-қосымша;

2) Шартқа 2-қосымша.

4. Орындаушының бөлу орталықтары/операциялық қоймасы Шарттың жарамдылық мерзімі ішінде 515 қағидаға сәйкес қорытындысы Шарт жасасуға негіз болатын Қызметтер сатып алу конкурсын өткізу кезінде көзделген техникалық ерекшеліктердің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

## 3. Шарттың бағасы және ақы төлеу тәртібі

5. Шарттың бағасы қосылған құн салығын есепке алғанда \_\_\_\_\_ (жазбаша) теңге \_\_\_\_\_ (жазбаша) тиынды құрайды.

Тауарларды алушыларға жөнелтілетін бірлік үшін қызметтерінің нақты бағасы \_\_\_\_\_ (жазбаша) тиынды құрайды.

Шарттың бағасы қаржы жылының аяғына немесе Шарттың қолданысы тоқтатылғанда нақты көрсетілген Қызмет көлемін ескере отырып түзетілуге жатады.

6. Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Тараптар көрсетілген Қызметтің актісіне қол қойған және Орындаушы шот-фактуралар мен бастапқы құжаттарды толық көлемде ұсынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей төлем жүргізеді.

7. Қызметтерге ақы төлеу Бірыңғай дистрибьютордың Орындаушының Шартта көзделген банктік шотына ақша аударуы арқылы жүргізіледі.

## 4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

8. Орындаушы:

1) Бірыңғай дистрибьютордың атынан берілген сенімхат бойынша басқа Орындаушыдан бөлу орталығынан Орындаушының операциялық қоймаға ауыстыру жүкқұжатына және (немесе) рұқсат қағаздарына сәйкес тауарды қабылдауды жүзеге асыруға;

2) Шартқа сәйкес Өнім берушіге (тек бөлу орталықтары үшін), Алушыларға, Бірыңғай дистрибьюторға немесе басқа Орындаушыға тауарды беру кезіне дейін сақтауға;

3) тауарды сериялық есепке алуды, оның ішінде БФАЖ: тауардың тұрақты кірісі мен шығысын есепке алуды, Орындаушының тауарды бөлу орталықтарыда/операциялық қоймасында тауарды тоқсан сайынғы түгендеуді жүзеге асыруға;

4) тауарды операциялық қоймадан тасымалдауды: тиесп-жөнелту үшін құрастыруды және жинақтауды, тиеу-түсіру жұмыстарын, жеткізу пункттеріне жеткізуді және Алушыларға немесе басқа Орындаушыға қабылдау-беру актісі бойынша беруді жүзеге асыруға;

5) Бірыңғай дистрибьютордың жеткізу жүкқағаздарына сәйкес, Орындаушы мен басқа да әкімшілік-аумақтық бірліктерде орналасқан басқа Орындаушы (операциялық қойма үшін) арасында тауарды алып жүруді, және оны басқа Орындаушыға (бөлу орталықтары үшін) қабылдау-тапсыру актісі бойынша беруді жүзеге асыруға;

6) үнемі бастапқы құжаттардың қағаз және электрондық тізілімін жүргізуге;

7) ай сайын, 1 (бірінші) және 2 (екінші) ай ішінде әр тоқсаннан есептіден кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күнінен кешіктірмей, ал тоқсанның 3 (үшінші) айын есептіден кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей Бірыңғай дистрибьюторға бастапқы құжаттарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша беруге;

8) Қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін қалған тауарды Бірыңғай дистрибьютордың атынан басқа Орындаушыға Қызмет көрсетудің келесі кезеңіне қабылдау-тапсыру актісіне қол қою жолымен, ал Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда – басқа Орындаушыларға Бірыңғай дистрибьютордың жеткізу жүкқағазына сәйкес қайтаруға;

9) Бірыңғай дистрибьютордан алынған, сондай-ақ Қызмет көрсету үдерісінде толтырылған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге, олардың мазмұнын Бірыңғай дистрибьютордың келісімінсіз, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайлардан басқа жарияламауға;

10) Бірыңғай дистрибьюторға Қызмет көрсетуге кедергі жасайтын жағдайлар туралы, сондай-ақ Орындаушының оларды жою үшін қабылданатын шаралары туралы 24 (жиырма төрт) сағат ішінде жазбаша хабарлауға;

11) Бірыңғай дистрибьюторға ай сайын орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерін Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысан бойынша Шартта көзделген мерзімде ұсынуға;

12) өз есебінен сапасыз немесе уақытынан кешігіп Қызмет көрсету салдарынан болған Қызмет кемшіліктерін жоюға;

13) Қызмет көрсету кезінде Бірыңғай дистрибьюторға келтірілген залалды өтеуге;

14) Бірыңғай дистрибьюторға бөлу орталықтарына/операциялық қоймаға кедергісіз кіруге, сондай-ақ Шарттың орындалуына мониторинг жасау үшін Қызмет көрсетумен байланысты құжаттарды ұсынуға;

15) ерекше жағдайларда денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның шешімі/тапсырмасы бойынша Алушылардың тауарды уақытылы және үздіксіз алуын қамтамасыз ету мақсатында, Бірыңғай дистрибьютордың

жазбаша талабы бойынша Шартта көзделмеген тауарды қабылдауға, сақтауға және тасымалдауға;

16) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Бірыңғай дистрибьюторға Шарт бойынша Орындаушыға берілген мөрді қайтаруға;

17) тауарды БФАЖ электрондық есебіне алуды жүргізуге, ол үшін Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күн ішінде Бірыңғай дистрибьютордың БФАЖ серверіне қосылуы керек, Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күн ішінде Бірыңғай дистрибьютордың қызметкерлері БФАЖ жұмыс жүргізу бойынша нұсқамамен таныстыра отырып, Орындаушының қызметкерлерін оқытуды ұйымдастырады, БФАЖ пайдаланушысының әрбір авторизациясы кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығымен пайдалануға берілген заңды тұлғаның қолданыстағы тіркеу куәлігі, қажет болған жағдайда, БФАЖ көзделмеген бизнес-процестерді бағдарламалық құралғының көмегімен тауардың өзіндік ақпараттық жүйесінде қосымша электрондық есепке алуды жүргізуді автоматтандыру жүзеге асырылады;

18) Шарттың барлық қолданылу мерзімі ішінде, оның нәтижесі ретінде Тараптармен Шарттың жасалуы, №515 Қағидаларға сәйкес Қызметті сатып алу байқауының техникалық ерекшелік талаптарын сақтауға міндеттенеді.

9. Орындаушы :

1) Шарт шеңберінде өз бетінше Қызмет көрсету тәсілдерін анықтауға;

2) Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті ақпаратты алуға;

3) Бірыңғай дистрибьютордан Шарт талаптарына сәйкес оларға көрсетілген Қызметке ақы төлеуді талап етуге құқылы.

10. Бірыңғай дистрибьютор міндетті:

1) Орындаушыны Қызметті ұсыну үшін қажетті барлық ақпаратпен қамтамасыз ету;

2) Орындаушыға Шартты орындау үшін қажетті көмек көрсету;

3) Келісімнің шарттарына сәйкес Қызметті уақытылы төлеу;

4) Орындаушыға БФАЖ-да Бірыңғай дистрибьютордың қызмет көрсету аймағындағы Өнім берушілермен және Алушылармен жасалған шарттарды және оларға жасалған қосымша келісімдерді беруге;

5) Орындаушыға қабылдау-тапсыру актісі бойынша «\_\_» \_\_\_\_ 20\_\_ жылғы №\_\_ Шарт бойынша шот-фактуралар, актілер және жүкқұжаттар үшін «\_\_\_\_\_ үшін» деген жазуы бар 2 (екі) мөр бірлігін беруге;

6) Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Орындаушыға Шарттың қолданылу мерзіміне Орындаушының қызметкерлеріне ауысу құқығымен тиісінше рәсімделген сенімхат беру;

7) Орындаушыға кемінде Шарттың орындалуына мониторинг жасау басталардан 8 (сегіз) жұмыс сағаты бұрын Бірыңғай дистрибьютордың мониторингті жүзеге асыруға уәкілетті қызметкерлерінің тізімін бере отырып, бөлу орталығында мониторинг жүргізу туралы жазбаша хабарлама беруге міндеттенеді.

11. Бірыңғай дистрибьютор:

1) Орындаушының Шарт талаптарын орындауына, оның ішінде тауардың болуына, Орындаушымен бөлу орталықтарында және көлік құралдарында оны сақтау жағдайына мониторингті жүзеге асыруға;

2) Орындаушыдан Шарттың орындалуы туралы барлық ақпаратты алуға;

3) Орындаушыға Шарт шеңберінде берілген барлық құжаттарды, мөрлерді, сенімхаттарды, хаттарды, Бірыңғай дистрибьютордың меншігі болып табылатын өзге де құжаттар мен заттардың қайтарылуын талап етуге;

4) кез-келген уақытта Орындаушыдан Қызмет көрсетудің барысы туралы жазбаша есеп сұратуға;

5) Қызмет көрсетуде Орындаушы жіберген кемшіліктерді анықтауға және оларды белгіленген мерзімде жоюды талап етуге құқылы.

## 5. Тауарды қабылдау

12. Орындаушы тауарды Өнім берушілерден Бірыңғай дистрибьютордың сенімхаты бойынша Бірыңғай дистрибьютор мен Өнім берушінің арасында жасалған беру шарттарына сәйкес қабылдауды жүзеге асырады.

13. Тауардың әрбір партиясын қабылдаған кезде Орындаушы Өнім берушілерден бастапқы құжаттарды талап етуге міндетті.

14. Орындаушы тауарды Өнім берушілерден оны жеткізген және тауарға бастапқы құжат ұсынған сәттен бастап (жүктің ТТН-ға келуін белгілеу күні туралы) 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылдауға міндеттенеді. Тиісінше сапасыз, саны жетіспейтін не тауарға ілеспе құжатқа сәйкес келмейтін тауарды ұсынған жағдайда, сондай-ақ Өнім беруші толық емес тиісінше ресімделмеген бастапқы құжаттарды ұсынған жағдайда, Орындаушы тауардан қандай да бір өзі үшін салдарынсыз бас тартуға құқылы. Тауарды қабылдаудан бас тарту себебі туралы Орындаушы Өнім беруші мен Бірыңғай дистрибьюторды қабылдаудан бас тартқан сәттен бастап хабардар етеді.

15. Тауарды қабылдау кезінде Орындаушы стандарттарда, техникалық шарттарда, технологиялық нұсқаулықтарды, тауарлардың жекелеген түрлерін сақтау нұсқаулықтарында, қағидаларында, өзге де міндетті арнайы нормативтік құжаттарда, сондай-ақ тиісті іскерлі айналым дәстүрлерінде және сақтау бойынша міндеттемелерде, оның ішінде тауарды сақтау берілген құрамда белгіленген барлық шараларды қабылдауға міндетті.

16. Өнім берушінің қатысуымен тауарды қабылдаған кезде, Орындаушы тауарға қарап-тексеру жүргізеді, оның санын, сыртқы жай-күйін, тауардың санын, тауардың бастапқы және өзге де іліспе құжаттарға, Өнім берушінің Бірыңғай дистрибьютормен шартына, оның ішінде Өнім берушінің температуралық режим бойынша талаптарды сақтау сәйкестігін анықтайды. Тауарды жеткізу шарттарында талаптардың бұзылушылығы анықталған кезде Орындаушы тез арада бұл туралы Бірыңғай дистрибьюторды және Өнім берушіні бұзылушылықтарды егжей-тегжей сипаттай отырып, хабардар етуге міндетті.

17. Жасырын ақаулар (сыну, ақау, жетіспеушілік) және тауар орамасының өзге де жетіспеушіліктері анықталған жағдайларда, Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторды жасырын ақаулардың (сыну, ақау, жетіспеушілік) және тауар орамасының өзге де жетіспеушіліктерінің анықталғанын растайтын барлық құжаттарды Бірыңғай дистрибьютордың Өнім берушіге талап қоюы үшін қоса бере отырып, 24 (жиырма төрт) сағаттың ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті.

18. Тауарды қабылдау Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Шартта көрсетілген электрондық пошта арқылы

ұсынған бөлу қағазында немесе Бірыңғай дистрибьютордың ішкі жүк құжатында көрсетілген санға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

19. Орындаушы Алушымен операциялық қоймада қабылдау-беру актісіне қол қойған күн тауарды қабылдау күні болып есептеледі.

20. Орындаушы тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей БФАЖ-а бастапқы құжат бойынша тауардың кірісі туралы деректерді енгізуге міндетті. БФАЖ-ға енгізілген бастапқы құжаттың күні қабылдау-актісінің күніне сәйкес келуі тиіс.

21. Қол қойылған құжаттар Өнім берушіге тауарды беру орнында тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей берілуі тиіс. Орындаушы тауарды қабылдау туралы құжаттарды тексергеннен және қол қойғаннан кейін осы құжаттың даналары Өнім берушіге арналған, соңғысы Орындаушыдан қолма-қол және өз есебінен алады.

## **6. Тауарды сақтау**

22. Орындаушы тауарларды «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 78-бабының 1-тармағына және тауарларды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес айқындалған тауарларды сақтау және тасымалдау қағидаларына сай сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

23. Орындаушы тауарды сериялық есепке алуды ұйымдастырады және тауардың қалдық қорларына күнделікті бақылау жасайды.

24. Орындаушы әрбір күнтізбелік тоқсанның соңында тауарды түгендеуге міндетті.

25. Тауардың жоғалғаны немесе зақымдалғаны анықталған жағдайда, Орындаушы 24 (жиырма төрт) сағаттан кешіктірмей бұл туралы жоғалған немесе зақымдалған тауардың саны мен бағасын көрсете отырып, Бірыңғай дистрибьюторды жазбаша хабардар етуге міндетті.

26. Тауардың жоғалғаны немесе зақымдалғаны анықталған күннен бастап, Орындаушы мұндай тауарды сондай сауда атауы, жарамдылық мерзімі жоғалған немесе зақымдалған тауардың жарамдылық мерзімінен кем түспейтін ұқсас тауарға тауардың жоғалғаны немесе зақымдалғаны анықталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде алмастыруды жүзеге асыруға міндетті. Тауарды ұқсас тауарға алмастыру мүмкін болмаған жағдайда Бірыңғай дистрибьютордың келісімімен Орындаушы Бірыңғай дистрибьютерге жоғалған немесе зақымдалған тауардың бағасын төлеуге құқылы, Өнім берушілерге тауарларды жеткізу мерзімдерін бұзумен көзделген тұрақсыздық төлемі сомасын қоса алғанда, сондай-ақ астананың халықаралық әуежайы немесе республикалық маңызы бар қалалар арқылы Бірыңғай дистрибьютордың шетелдік өндірушілермен жеткізу шарттары бойынша Өнім берушілермен әкелген тауарды жоғатқан немесе бүлдірген жағдайда Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға Қазақстан Республикасына мұндай тауарларды әкелумен байланысты шығындарды, оның ішінде кеден өкілдерінің қызметтері, тиеу-түсіру жұмыстарының құны, Қазақстанға тауарлар әкелінген жеткізу шарттарында тауарлардың бағасымен қарастырылмаған кедендік баждар мен салықтарды төлеу бойынша шығыстарды өтеуге міндетті.

## **7. Тауарды Алушыларға тасымалдау**

27. Орындаушы тауарларды Шартқа және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 78-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған тауарларды сақтау және тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалдайды.

28. Орындаушы Бірыңғай дистрибьютор атынан Алушыларға және (немесе) қызмет көрсету өңірлерінің операциялық қоймаларына тауарды тасымалдауды Бірыңғай дистрибьютордың бөлу қағазына және Бірыңғай дистрибьютор мен Өнім берушілер арасында жасасқан Шарт талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

29. Орындаушы тауарды Алушыларға 1729 қағидалардың талаптарына сәйкес қалдық жарамдылық мерзімі бойынша тиеуге міндетті.

30. Орындаушы тауарды Алушыларға FEFO қағидалары бойынша босатуды жүргізуге міндетті.

31. Тауарды Алушыға немесе басқа Орындаушыға/өңірде қызмет көрсететін операциялық қоймаға беру кезінде Орындаушы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тауарды қабылдауды жүзеге асыратын олардың өкілдеріне сенімхат алуға тиіс.

32. Орындаушы Алушыларға басқа Орындаушыдан Бірыңғай дистрибьютордың бөлу парағында көрсетілген мерзімдер мен сандарға және (немесе) Бірыңғай дистрибьютордың және Алушының арасындағы шарттың кестесіне сәйкес тауарды алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде тиеуді бастауға міндетті.

33. Орындаушы Өнім берушіден немесе басқа да Орындаушыдан Бірыңғай дистрибьютордың бөлу парағында немесе Бірыңғай дистрибьютор мен Алушының арасындағы шартқа кестеде көрсетілген мерзімдер мен көлемге сәйкес тауарды алған күннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде тауарды жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

34. Тауарды жеткізу күні жеткізу пунктінде Орындаушы мен Алушының арасындағы немесе бөлу орталығында - Орындаушы мен басқа Орындаушының арасындағы қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күн есептеледі.

35. Орындаушы БФАЖ-ге тауарға бастапқы құжаттар бойынша тауардың шығыстары туралы деректерді енгізуі Алушы немесе басқа да Орындаушы қабылдау-беру актісіне қол қойған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күннен кешіктірмей жүзеге асырылуы тиіс. БФАЖ бағдарламасындағы шығыстар операциясының күні Алушымен немесе басқа да Орындаушымен қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күнге сәйкес келуі тиіс.

## **8. Шарттың орындалуын бақылау және есеп беру**

36. Қажет болған жағдайда, Бірыңғай дистрибьютор Өнім берушіні мұндай мониторинг жайлы алдын-ала кемінде 8 (сегіз) жұмыс сағаты бұрын жазбаша хабардар ете отырып және мониторинг жүргізу себебін, Бірыңғай

дистрибьютердің мониторинг өткізуге уәкілетті қызметкерлерінің лауазымын, тегі мен есімдерін көрсете отырып, Бірыңғай дистрибьютор қызметкерлерін бөлу орталығына/операциялық қоймаға жолдау арқылы Орындаушының Шарттың талаптарын орындауына мониторинг жасауды жүзеге асырады. Мониторинг қорытындылары бойынша Тараптармен мониторингтің нәтижелерін сипаттайтын акт жасалады және қол қойылады, оның 1 (бір) данасы Орындаушыға табысталады.

37. Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға қабылдау-тапсыру актісінің алғашқы құжаттарын ай сайын ұсынады: әрбір тоқсанның 1 (бірінші) және 2 (екінші) айына есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күнінен кешіктірмей, ал тоқсанның 3 (үшінші) айына есепті айдан кейінгі айдың 10-шы (оныншы) күніне дейін ұсынады.

38. Орындаушы есепті тоқсаннан кейінгі 10 (он) күнтізбелік күн ішінде тоқсан сайын Бірыңғай дистрибьюторға жазбаша түрде есеп береді. Орындаушының инвентаризация бойынша есебінде түгендеме тізімдемесі, салыстыру тізімдемесі, есептен шығару актісін (егер тапшылығы бар болса), кіріске алу актісі (егер артықшылығы бар болса), Орындаушының ілеспе хатын қамтиды.

## **9. Шартты орындауды қамтамасыз ету**

39. Жеке қаржы жылына шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторға Орындаушының міндеттемелерін қамтамасыз ету әдісі ретінде Шарттың бағасының 3% (үш пайыз) көлемінде Шартта көрсетілген Бірыңғай дистрибьютордың банктік шотына ақша аудару арқылы кепілдік ақшалай төлем жасауға немесе немесе Банктің жазбаша талап ету бойынша Банктің Бірыңғай дистрибьюторға Шарттың бағасының 3% (үш пайызы) кепілдігі бойынша кепілдік міндеттемесімен банктік кепілдеме беруге міндетті.

40. Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісті түрде орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде орындауды қамтамасыз ету кепілдігін қайтарады.

41. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға келесі жағдайларда қайтармайды:

- 1) Орындаушының шарттық міндеттемелердің орындалмауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарттың бұзылуы;
- 2) Шартпен көзделгендей, орындамағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айыппұлдарды төлемеуі.

## **10. Тараптардың жауапкершілігі**

42. Шарттың талаптарын, техникалық ерекшеліктерін бұзғаны үшін, Орындаушы Бірыңғай дистрибьютордың пайдасына келесі санкцияларды төлейді:

1) Шартты орындаудан жазбаша бас тартқан жағдайда - Шарттың бағасынан 10% (он пайыз) мөлшеріндегі айыппұл;

2) Бірыңғай дистрибьютордың Жеткізушілермен немесе Алушылармен жасаған шартында, шарттарында және (немесе) Бірыңғай дистрибьютордың рұқсат қағаздарында көзделген тауарларды қабылдау, ауыстыру және жеткізу шарттарды бұзған жағдайда, әрбір кешіктірілген күніне сол тауарлардың бағасының 0,2% (нөл бүтін оннан екі пайыз), бірақ осы тауарлардың бағасының 5% (бес проценті) мөлшерінде аспайтын тұрақсыздық төлемі. Тұрақсыздық төлемі Шартта көзделген келісімшарттық міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған күннің алғашқы күнінен бастап кейінгі күніне дейін қоса есептеледі;

3) егер Орындаушы Бірыңғай дистрибьютордың жазбаша талабы бойынша Техникалық ерекшелік шарттарының анықталған бұзушылықтарын жоймаған болса, қосымша Келісімінің бағасының 0,01% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде айыппұл кешіктірілген әрбір күн үшін, бірақ қосымша Келісім бағасының 1% (бір) пайызынан аспайтын мөлшерде айыппұл;

4) Бірыңғай дистрибьюторға жоғалған немесе зақымдалған тауарды Шартпен көзделген мерзімде өтеп бермеген кезде – әрбір кешіктірілген күн үшін жоғалған немесе зақымдалған тауар бағасының 1%-нан (бір пайыз) тұрақсыздық айыбы.

43. Көрсетілген Қызметтің Орындаушысына уақытылы немесе толық төлем жасалмаған жағдайда, Бірыңғай дистрибьютор көрсетілген Қызметтің бағасынан 0,01% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде Орындаушы пайдасына әр кешіктірілген күн үшін, бірақ көрсетілген Қызметтің бағасынан 1 (бір пайыз) аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді. Орындаушымен бастапқы құжаттарды уақытында бермеуі немесе олардың толық емес және (немесе) сенімсіз деректермен ұсынылуы Бірыңғай дистрибьюторды Шарт бойынша мерзімі өткен төлем үшін жауапкершіліктен босатады.

44. Шарт бойынша санкцияларды төлеуді Тараптар басқа Тараптың Шарт бойынша тиісті шотын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

45. Орындаушының айыппұлды немесе тұрақсыздық төлемін төлемегені немесе уақтылы төлемегені үшін Бірыңғай дистрибьютор Жеткізілген Қызмет бойынша Орындаушыға байланысты Шарт бойынша төлем сомасынан есептелген айыппұл сомасын немесе тұрақсыздық төлемін ұстап қалуға құқылы.

46. Орындаушы Бірыңғай дистрибьютор алдында жоғалған немесе зақымдалған тауарды ауыстыру немесе оның бағасын қайтару арқылы Шарт шеңберінде оған берілген тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету үшін толық мүлкіктік міндетін атқарады.

47. Жеткізушілермен жеткізілім шарттары бойынша халықаралық әуежай немесе республикалық маңызы бар қала арқылы жеткізілетін тауарлардың жоғалуы немесе бүлінуі жағдайында Орындаушы Бірыңғай дистрибьюторының Қазақстан Республикасына мұндай тауарлардың әкелінетін шығындарын қайтарады, оның ішінде кеден өкілдерінің қызметтері, жүктеу және түсіру жұмыстарының құны, Қазақстанға әкелінетін жеткізілім шарттарындағы тауарлардың бағасымен қарастырылмаған кедендік баждар және салықтарды өтейді.

## **11. Дауларды шешу тәртібі**

48. Тараптар Шартты орындау шеңберінде туындайтын дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешу үшін бар күшін салуы тиіс. Талқылау және осындай келіссөздер нәтижелері Тараптар 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей, қол қойылатын Әрбір тарап үшін 1 (бір) данадан, 2 (екі) данада жазбаша хаттамамен ресімделеді.

49. Егер мұндай келіссөздер басталғаннан кейін күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн ішінде Тараптар Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, онда Тараптардың кез-келгені бұл мәселені Астана қаласының ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады. Осы шарт 515 Қағидаларына сәйкес Бірыңғай дистрибьютордың Орындаушыны жосықсыз өнім беруші деп тану туралы талап-арыз беруі жағдайында қолданылмайды.

## **12. Шартты бұзудың негіздемесі**

50. Шартты бұзу үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) Орындаушының Шартта көзделген міндеттемелерді бұзуы;
- 2) Орындаушыдан «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсаттардан (хабарламалардан) айыру (кері қайтару);
- 3) Орындаушының Қызмет көрсетуді ұсынудан бас тартуы;
- 4) Орындаушының немесе оның объектілерінің конкурстық құжаттамаға техникалық ерекшелікте ұсынылған талаптарға сәйкес келмеуі;
- 5) Бірыңғай дистрибьютордың Қызметке қажеттілігінің болмауы.

51. Шартты уақытынан бұрын бұзған жағдайда, оны бұзуға бастама көтеріп отырған Тарап басқа тарапқа Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді. Шарт басқа тарап жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң бұзылды деп есептеледі. Бұл жағдайда, Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Қызмет көрсеткен уақытына шартын бұзу күніне дейінгі бағамен төлейді.

52. Шартты Орындаушының кінәсінен уақытынан бұзған жағдайда, Бірыңғай дистрибьютор Орындаушыға Шарттың бұзылған күні нақты көрсетілген және Бірыңғай дистрибьютор қабылдаған көрсетілетін Қызметтердің атауын Бірыңғай дистрибьюторға Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамауымен келтірілген айыппұл санкциялары мен шығындарын есептемей төлейді. Егер, Бірыңғай дистрибьютордың Шартты уақытынан бұзумен байланысты тұрақсыздық айыбы мен шығындардың жалпы сомасы Орындаушыға нақты көрсетілген қызметтер үшін төлеуге жататын сомадан асып кетсе, онда айырмашылығы Орындаушының Бірыңғай дистрибьюторға Шартты бұзған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде төлеуге жататын Орындаушының берешегін құрайды.

## **13. Шарттың жарамдылық мерзімі**

53. Шарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және қоса алғанда 20\_\_ жылғы 31 желтоқсанға дейін, өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар оларды толық орындағанға дейін әрекет етеді.

## **14. Еңсерілмейтін күш жағдайлар**

54. Тараптар егер, олардың Шарттың талаптарын орындауы алынбайтын күш жағдайы күшіне енген, яғни төтенше және кезінде алдын алуға болмайтын жағдайлар кезінде (дүлей апат, әскери қақтығыстар) орындау мүмкін болмаса, олар Шарттың талаптарын орындау мүмкіндігіне тікелей ықпал еткен кезде, Шартта көзделген жауапкершілікті артпайды. Мұндай жағдайларға атап айтқанда нарықта орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің болмауы жатпайды.

55. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайлары, осы жағдайлармен туындаған салдарлардың әрекет ету ішіндегі уақытқа сәйкес мерзімге жылжытылады.

56. Тараптардың кез келгені еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде олардың басталған күнінен бастап күнтізбелік 5 (бес) жұмыс күні ішінде басқа Тарапты жазбаша хабардар етуі тиіс. Аталған жағдайларды уәкілетті органдары немесе Қазақстан Республикасының ұйымдары растауы тиіс.

57. Хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу Тарапты оны Шарт бойынша міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген жағдайлардың кез келгеніне сілтеме жасау құқығынан айырады.

58. Егер Тараптар 2 (екі) айдан артық міндеттемелерін толықтай немесе ішінара орындай алмаса, онда Тараптардың кез келгені Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуға құқылы.

## **15. Ақпараттың құпиялылығы**

59. Тараптар Шарттың қолданылу кезеңінде және оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) күн ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт бойынша ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

60. Құпия ақпаратты ашу Шарттың талабын бұзу болып табылады және Шарттың бұзылуына себеп бола алады, сонымен қатар осымен келтірілген нақты шығын байланысты басқа тарапқа өтеуге әкеледі.

## **16. Хат-хабар**

61. Шарт бойынша барлық коммуникативтік құжаттардың Шарттың нөмірі мен күні көрсетілген Тараптардың деректемелері болуы тиіс. Шартқа байланысты барлық құжаттарда жол аралықтарына жолдар кірістіру немесе өшіруге, түзетуге тыйым салынады.

62. Шарт бойынша тараптардан талап етілетін немесе талап етілуі мүмкін кез келген хабарламаларды тараптар бір-біріне жазбаша түрде ұсынады және тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметтің көмегімен жібереді. Жедел болған жағдайда, көрсетілген хат-хабар электрондық поштаның немесе оның тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметтің көмегімен міндетті жіберілуін тіркеуді көздейтін өзге телекоммуникациялық құралдардың көмегімен берілуі мүмкін.

63. Шарт бойынша хат-хабар Шартта көрсетілген деректемелер бойынша Тараптарға жіберілуі тиіс.

64. Тапсырыс хатпен немесе курьерлік қызметпен жіберілген хат-хабар басқа Тарапта оның жеткізілгенін растайтын пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің мөрі бар хабарлама болған кезде, оны Тараптың алған күні (сағаты) жеткізілді деп есептеледі. Факс арқылы, электрондық поштаның немесе ол жіберілген тарапқа жеткізілген күні оның жеткізілгенін тіркеуді көздейтін өзге телекоммуникациялық байланыс құралдарының көмегімен жіберілген хат-хабар ол жіберілген тарапқа ол берілген күні (сағат) жеткізілді деп есептеледі.

## 17. Қорытынды және ауыспалы ережелері

65. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар егер, олар жазбаша түрде жасалған және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және екі жақтың мөрімен бекітілген кезде ғана жарамды.

66. Шартқа өзгерістер енгізу Қағидаларында көзделген жағдайларда рұқсат етіледі.

67. Шартқа жүргізілетін (жүргізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Қағидаларда көзделмеген негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болып табылған ұсыныстарды өзгертуі мүмкін өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді.

68. Бір тараптың Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелерін үшінші тұлғаға беруге басқа тараптың жазбаша келісімімен ғана рұқсат етіледі.

69. Шартқа байланысты және олар реттемеген құқықтық қатынастарда Тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

70. Заңды мекенжайлары, банкті және өзге де деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап бұл туралы басқа Тарапты мұндай өзгерген сәттен бастап, 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті.

71. Шарт бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада мемлекеттік және орыс тілдерінде, Тараптың әр қайсысы үшін 1 (бір) данадан жасалған.

## 18. Тараптардың мекен жайлары, деректемелері, қолдар мен мөрлері:

### Бірыңғай дистрибьютор:

БСН  
Заңды мекенжайы:  
Банктік деректемелері  
Телефон, e-mail  
Лауазымы \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә. (бар болса)  
мөрі

### Орындаушы:

БСН  
Заңды мекенжайы:  
Банктік деректемелері  
Телефон, e-mail  
Лауазымы \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә. (бар болса)  
мөрі



Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетудің Үлгі шартына 1-қосымша

**Орындаушымен сақтауға және тасымалдауға жататын тауарлардың атаулары мен көлемдерінің тізбесі**

№р/с	Халықаралық патенттелмеген атауы немесе құрамы	Дәрілік түрі (дозасы, концентрация)	Өлш. бір.	Облыстың атауы		

\*Тауарлардың атаулары тізбесі мен көлемдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

**ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ:**

Бірыңғай дистрибьютор:  
Заңды мекен жайы:  
\_\_\_\_\_ лауазымы,  
Т.А.Ә. (бар болса)  
Мөр (бар болса)

Орындаушы:  
Заңды мекен жайы:  
\_\_\_\_\_ лауазымы,  
Т.А.Ә. (бар болса)  
Мөр (бар болса)

Дәрілік заттарды, медициналық  
мақсаттағы бұйымдарды сақтау  
және тасымалдау жөніндегі қызметтерді  
көрсетудің Үлгі шартына 1-қосымша

**Бірыңғай дистрибьютордың алушылардың және олардың мекен жайларының тізбесі**

№р/с	Өңір	Алушы	Мекен жайы

\* Бірыңғай дистрибьютор алушылардың тізбесіне және олардың мекен жайларына өзгерістер және толықтырулар енгізілуі мүмкін.

**ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ:**

Бірыңғай дистрибьютор:  
Заңды мекен жайы:  
\_\_\_\_\_ лауазымы,  
Т.А.Ә. (бар болса)  
Мөр (бар болса)

Орындаушы:  
Заңды мекен жайы:  
\_\_\_\_\_ лауазымы,  
Т.А.Ә. (бар болса)  
Мөр (бар болса)